



Бекітемін:
ЖШС «Орынқызы-Ана б/б менгерушісі
Бар Қ.Барлыбаева

Педагогикалық кенестер

(Педагогикалық кенестің жоспары,
педагогикалық кенестің хаттамалары)

Менгеруші: Қ.Барлыбаева

2021-2022 оку жылы

ЖШС «Орынқыз Ана» балабақшасы

Атамекен а\ә
Қатысқаны-8

27.08.2021

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№ 1

Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау.
2. Оқу қызметінің кестесін бекіту.
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу.
4. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны »
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту.
6. Түрлі сұрақтар

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша менгерушісі Қ.Барлыбаева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үймының басшысы (төрайымы), тәрбиешілер кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Р.Бегалиева сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: менгерушісі Қ.Барлыбаева

Менгерушісі Қ.Барлыбаева 2021-2022 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде Р.Бегалиева сайлауды үйғарды.

1 ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың менгерушісі Қ.Барлыбаева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады.

2021-2022 оқу жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, менгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын,

ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сактау және денсаулығын нығайту, толыққанды дene бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.
- Құнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып етті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланған. Сондай-ақ Қ.Барлыбаева жылдық жоспарда семинар жоспарланғандығын айтты және кеңес беру жоспарланған. Оку жылына 5 педагогикалық кеңес, Зәдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланған. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланған. Оқы жыл барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланған. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланған. 2021-2022 оку жылының жылдық жоспарын бөбекжай директоры, әдіскері, психологі бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құттаймыз, жылдық жоспарға алғып қосарымыз жоқ десеніздер бекітейік.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Менгеруші Қ.Барлыбаева жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, үйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Қ.Барлыбаева онда жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2021-2022 оку жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

Тындалды :

Менгеруші Қ.Барлыбаева

2021-2022 оку жылына құралған үйымдастырылған қызметінің перспективтік жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым күні бекітілген №391 бүйріғының 1-қосымшасында көрсетілген сағат саны мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бес білім беру саласы бойынша оку қызметіне құрылған перспективтік жоспар төмендегідей.

Кіші топтар үшін дene шынықтыру-108, көркем әдебиет-18, сөйлеуді дамыту-18, сенсорика -18, құрастыру-18, жаратылыстану- 36, музыка-54, сурет-36, мұсіндеу-9, жапсыру –9 сағат; Органғы тобы үшін дene шынықтыру-108, көркем әдебиет-18, сөйлеуді дамыту-36, орыс тілі-18, математика негіздері -36, құрастыру-18, жаратылыстану- 36, музыка-54, сурет салу-36, жапсыру –9, мұсіндеу-9, қоршаған ортамен танысу-18, вариативтік компонент-36 сағатқа; Енді осы бес білім беру саласы бойынша жылына 2 рет бірінші және екінші жарты жылдық бойынша балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында индикатор жүргізілетіндігіне тоқталды. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Күн тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының З кестесіне сәйкес құрылды (материалдары қосымша беріліп отыр). Барлық топ тәрбиешілері тақырыптық жоспарымен таныстырып өтті.

3. Тыңдалды Бебекжай менгерушісі Қ.Барлыбаева педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тәрбиеші өз ісіне мұқият, әрі талапқа сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айттып кетті.

4 Тыңдалды : Қ.Барлыбаева кадр мүшелеріне «Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны» атты баяндамасымен таныстырыды. Баяндама талқыланды, балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айтылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар манызды болмак; Педагог шебер сұрақ коюшы болуы қажет, себебі? Үкітимал себептері Оқудагы олқылықтарды анықтау үшін; Балалардың ойларын бағыттау үшін; Бағалау үшін; Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін; Тақырыпты қайта қарау үшін; Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін; Күрделендіру үшін; Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін; Түсінуге көмектесу үшін; Бағамдау үшін. Білім берудің жанарту жолдары біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту қажеттігін атап өтті, және слайд түрінде түсіндіріліп анық тақырып қозғалды.

5.ТЫҢДАЛДЫ: Қ.Барлыбаева

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік атtestаттау өткізіletіндігін айттып өтті.. Сол себепті өзіндік атtestаттау өткізу үшін атtestаттау комиссиясының құрамын сайлауға шақырды. Атtestаттау комиссиясының құрамына атtestаттау комиссиясының

төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының мүшелері енгізіледі.
Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңді ортага салсаныздар.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Тәрбиеші Р.Бегалиева



Аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде Қ.Барлыбаева, мүшелері
ретінде әдіскер Р.Жорабаева сайлауды ұсынамын деп сөзін аяқтады

ШЕШІМ:

1.2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары
бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы
өткізілсін. Жауапты Қ.Барлыбаева Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

2.Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің
жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған
оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға
сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы
барысында.

3.Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып балабақша менгерушісі
Қ.Барлыбаева мүшелері Р.Жорабаева, хатшы Р.Бегалиева болып сайлансын.

Төрайымы:  Қ.Барлыбаева
Хатшы:  Р.Бегалиева

ЖШС «Орынқыз Ана» балабақшасы

Атамекен а\ә

Қатысқаны-7

05.11.2021

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№ 2

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. Санитарлық –гигиеналық жағдайды тексеру және орындалуын қадағалау.(күрделі тазалық айна бір рет)
2. Ұйқыдан кейінгі шынықтыру шараларының ұйымдастырылу барысы
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбие беру жұмытарын ұйымдастыру
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуудің негізгі тәсілдері

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. Санитарлық –гигиеналық жағдайды тексеру және орындалуын қадағалау (күрделі тазалық айна бір рет) барысында балабақшамыздың медбикесі Қалжанова Р. балалардың тазалығы, топтардың тазалық сақтау кестесін және ойыншықтарды жуу ережелерін кеңінен айттып берді. Айна бір рет болатын күрделі тазалық қалай өту керек және оны қалай жасау ережелерін кеңінен талқылады. Тәрбиешілерге балалардың тазалық дәптерін және бөлмелерге кварц қою дәптерін арнауларын айтты.
2. Балабақшамыздың менгерушісі Қ.Барлыбаева қараша айындағы мерекелеріне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және сценарийін бекіту, откізу сапасын талдады. Ертеңгілік өз тақырыбына сай мәнді, мәнерлі және әр топтың жас ерекшелігіне сай болуы қажеттілігін нақты айтты. Откізу күндерін белгілеп берді және көрнекіліктер мерекелік ертеңгілікке сай болуы қажет екендігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен

ұсыныстар: Санитарлық –гигиеналық талапқа сай айна бір рет болатын

күрделі тазалық жөнінде тәрбиешілер ыдыс-аяқ, ойыншықтарды, сөрелерді жуғанда пайдаланатын хлордың қанша көлемде пайдалану керек екендігін және жатын бөлме, ойын бөлме, дәліз бөлмелерге кварц қою ережелерін, уақытын нақты сұрады. «Тілдер мерекесі», «Мұғалімдер күні», «Республика күні» мерекелеріне арналған іс-шараларды ұйымдастыру барысында барлық балабақша қызметкерлері бір ауыздан жұмылып жұмыс жасауға ұсыныстарын айтты. Дәл осылай, ұжым мүшелері өз ойларын ортаға сала отырып, керекті құралдарын, атап айтқанда, тәрбиеші Темірбекқызы Алтын ұйымдастырылған оқу-іс әрекетіне қолданатын тақта керектігін айтты.

3. Балабақша тәрбиеші Р.Бегалиева үшінші мәселе бойынша баяндама оқыды. «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру». Бұғінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше қөніл бөлінуде. Табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырылған жасау болып табылады. Айнала бізді қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бойындағы бар байлықта адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту мәселесін ойдағыдай шешу-бүгінде бүкіл дүние жүзі халықтарының алдында тұрған ортақ міндет.

Баланың қоршаған ортадан, табиғат құбылыстарынан алатын білім, менгеретін дағдысы экологиялық тәрбие берудің алғашқы негізі болмақ. Тәрбиеші мақсат қоя ұйымдастырылған оқу қызметтері арқылы мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған орта жайында алғашқы мағлұматтар алып, айналасындағыны байқап, қызығушылықпен қарап, оны әңгімелеп айттып беруге тырысады.

4. Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі К.Барлыбаева сөйлемді. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу дің негізгі тәсілдерімен таныстырып өтті.

Стандартқа, үлгілік оқу жоспарларына, үлгілік оқу бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген соң мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдылардың дамуына мониторинг жүргізу дің әдістемелік ұсынымдарының мазмұнына өзгерістер енгізеді.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобынан басталады. Басқа топтар үшін бастапқы бақылаудың идикаторлары алдынғы жас топтарының күтілетін нәтижелері II жартышылдық болып табылады. Педагог баланың біліктері мен

дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парагына енгізеді.

Аралық бақылау I жартышылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды.

Шешім:

1. Санитарлық –гигиеналық жағдайды тексеру және орындалуын қадағалау (курделі тазалық айна бір рет) барысы молайтылсын.
2. «Алтын күз» мерекелеріне арналған іс-шараларды ұйымдастыру, сценарийін бекіту және откізу сапасын талдау шаралары бекітілсін.
3. Қоршаған ортаға деген жауапкершілік серуенде, бақылауда қалыптастырылсын.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктіктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейінің бастапқы бақылау қорытындысы нәтижесінде балалардың жеке даму картасында түзету шаралары жүргізілсін.

Төрайымын  Қ.Барлыбаева
Хатшы  Р.Бегалиева

ЖШС «Орынқыз Ана» балабақшасы

Атамекен а\ә

Қатысқаны-7

28.02.2022

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№ 3

Күн тәртібінде:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру.
2. «Жапсыру» және «Мұсіндеу» оқу іс-әрекеттерінде пайданылатын құрал-жабдықтар сирвировкасы мен оларды қолдану тәртібі.
3. Шығармашылық есеп «Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбек тәрбиесі» (іс-тәжірибеден)
4. Пікірсайыс.

«ҚР МЖМБС-на сай оқу іс-әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыру жолдары».

Балабақша менгерушісі Қ.Барлыбаева кезекті педагогикалық кеңесті ашып, балабақшада тәрбиеленуші балалардың қатысуы мен ата-аналардың көзқарасы туралы айтып, одан әрі дамытып, ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Откен мерекелер мен ертеңгіліктердің ауызбіршілікпен ұйымдастырылғанына ризашылығын білдірді. Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша откен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына тоқталды. Білім беру жүйесінде жаңа технологияны қолдану арқылы келешек үрпақтың еркін дамуына жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтің міндеті. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, оны ұғына білуді талап етеді. Ата-аналар балалардың жан дүниесіне терең үніліп, оны ұғына білуді талап етеді. Ата-аналар балаларды ұйымдастыру іс-әрекеттері мен тәрбиелеуде жүргізіліп жатқан іс-шараларды қолдап, өздерінің алған жақсы сезімдерін білдіріп отырады. «Тәй-тәй технологиясы» негізінде жүргізілген жұмыстар арқылы оқу-тәрбие үрдісін балалар, ата-аналар және педагогтар үшін тиімді етіп ұйымдастыру мүмкіндігін алып отырмыз. «Ақ көгершін» тобының тәрбиешісі Г.Мейірбекова «Триз» технологиясы, Заецев технологиясын менгерген, «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Г.Алдиярова

Енді осы технологияарды терең менгеріп, оқу процесінде күнделікті қолдануды дағдыға айналдырады деп сенеміз.

Күн тәртібіндегі 2 –мәселе бойынша тәрбиеші Г.Алдиярова баяндамасы тыңдалды. «Жапсыру» және «Мұсіндеу» оқу іс-әрекеттерінде пайдалылатын құралжабдықтар сирвировкасы мен оларды қолдану тәртібі туралы тәмендегідей мағлұмат берді. Жапсыру жұмысы балаларды пішіндермен таныстыру арқылы жүргізіледі. 2 –ден – жас аралығында алғашқы жапсыру жұмыстарында балалар пішіндерден зат, құрастыруды үйренеді. Балалар дайын пішіндерді өз орнына орналастыру арқылы үйшік машина, мұнара, акқала, арба, сәнді көйлектің түймелері, ыдыстағы жемістер тақырыбында жапсыру іс-әрекеттерін орындаиды. Содан соң балаларға тік төтбұрыштың ұшын қайшымен бір басып қиу әдісі арқылы шарлар, шырша шамдары, алмалар, жаңғақтар, құлпынайлар, доптар қиырырылып желіммен қағаз бетін бағдарлап ортасына желімдеп жапсыру әдістері үйретіледі. 3 жастан 4 жас аралығында бала қолына қайшы ұстауды үйрену қажет. Себебі үл жасқа дейін ол жапсыру жұмыстарын дайын пішіндерді орнына орналастыру арқылы жасаса, ендігі жас кезеңінде ол қағазды қиу және желімдеу әдістерімен танысады. Оны тәрбиеші немесе ересек адам үлгі көрсету арқылы үйретеді. Эрі қарай қиу тәсілі күрделенеді. Балаға қайшыны бірнеше рет басып тік қиу арқылы тік төртбұрыштарды қысп алу үйретіледі. Үл әдістермен түрлі доптар, шарлар, шырша ойыншықтары қылады. Содан соң қағазды екі бүктеп қиу әдісі үйретіледі. Пішіндер мен өрнектерді орналастыруда пысықталады, қағаздардың түс үйлесімділігіне мұқият зейін аударылады.

Балдырғандарға мұсіндеу жұмысын үйрету әдістері. Ермек саздан мұсін жасау балалардың сүйікті жұмысы, бірақ мұсінді қалай жасау керек әдістерін міндетті түрде ересек адамдар үйретеді. Балаға мұсінді жасату алдында оның жасайтын мұсінге қызығушылығын көтеру қажет, содан соң оны жасау әдістерін үйрету меноны тамашалау, әңгімелу, сипаттау жұмысы жүргізіледі. Мұсіндеу әдістері бір қалыптан бастап көрсетіледі: 2 жаста 3 жас аралығында саз балшықты алақан арасында дөңгелету әдісімен доптар, шарлар, нандар, құлшелер жасау үйретіледі.

3 жастан -4 жас аралығында саз балшықтан жасаған дөңгелектерді алақан арасында есу арқылы шұжықтарды, тесік бөлшектерге табақтарды жасау ұсынылады.

Одан әрі «ҚРМЖМБС-на сай оқу іс-әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыру жолдар» туралы өзаралпікірсайыс жасалды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар:

Жалпы күн тәртібіндегі баяндамалар бойынша тәрбиешілер сұрақтар қойып, оған баяндамашы тарапынан толық жауап ала алды. Ұжым мүшелері алдағы уақытта өз білімдерін көтеруде әртүрлі технологияларды оқытатын курстарға баруға ұсыныс білдірді. «Жапсыру», «Мұсіндеу» оку іс-әрекетінде пайдаланылатын балалардың құралдарының қол жетімді, әрі қауіпсіз болуын қатаң бақылауда ұстауды ескертті. Балаларды еңбекке баулуда ішкі кезекшілік ұйымдастыруды жалғастыра беру, балаларға өзіне-өзі қызмет жасай білуге тәрбиелеуді жүйелеу. Гүл отырғызу, суару, құстарға жем шашу, өз сөрелерін ұқыпты ұстау, құрал-жабдықтарының ұқыпты болуын үнемі қадағалауды ұсынды.

Шешім:

1.

Бүгінгі күн тәртібінде тыңдалған баяндамалар «Шығармашылық білім беру саласы» бойынша. Осыған орай өз елінің және басқа халықтардың мәдениетін бағалай біletін ұрпақ тәрбиелеуде тәрбиешілер ізденімпаздық пен жаңашылдықта жұмыс жасауды жалғастырысын.

2.

«ҚР МЖМБС-на сай оку іс-әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтар озық тәжірибелерді қолдануды одан әрі арттырысын.

Төрайымы:  Барлыбаева

Хатшы:  Бегалиева

ЖШС «Орынқыз Ана» балабакшасы

Атамекен а\ә

Қатысқаны-7

17.03.2022

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№ 4

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балабакшада балалардың дene бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу
3. Грамматикалық дамудың ерекшеліктері; баланың қалыпты жетілу, тілдік корларының жетілуі
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары
5. Балабакшада ұлттық ойындары дамыту

Ашық үйымдастырылған оқу қызметі:

1. «Наурыз келді» сөйлеуді дамыту ортаңғы топта
2. «Табиғатқа саяхат» жаратылыстану кіші топта

Тындалды: Балабақша менгерушісі Қ.Барлыбаева сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Ортаңғы топтардағы оқу қызметінің мазмұнына қарай тиімді технологияларды пайдалану жетістігі туралы тақырыптық тексеру корытындысына келер болсақ, жақсы қанағаттанарлық деген деңгейде. Бұгінгі білім беру ісінің мақсаты-тек білім, білік дағдыларын менгерту ғана емес, өзін өзі дамытуға ұмтылатын , ақылды да алғыр, ой-өрісі ақпарат көздерін өз бетімен корытып, қолдануға қабілетті, шығармашыл, ой-өрісі кен, жоғары мәдениетті адам тәрбиелеу. Қазіргі танда тұлғаның жалпы эстетикалық қабылдауы мен дамуының заманауи жана амалдарын табуға көп көңіл бөлінеді. Сондай –ақ адамды алға ұмтылуға, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, қол ұшын беруге әзір болуға, тұлғаның өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсетуіне мүмкіндік береді.

Тындалды: Балабақша әдіскері Қ.Барлыбаева. Баяндама «Балабакшада дene бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу» Жиырма бірінші ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бұгінгі танда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып табылады. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауыктар өткізуге тиіспіз. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Егер өзгермей тіке тұрып жаттығуды жасаса балаларды жалықтырып жіберуі мүмкін. Сондықтан әртүрлі жағдайда тұрып, отырып, жатып жасайтын жаттығуларды жоспарлау керек. Таза ауадағы шынықтыру бес бөлікке бөлінеді жүгіруден, жеке және топталған әдістерден тұрады ерекше қозғалысындардан спорттық ойындар мен эстафетадан тұратын қимыл қозғалыстың белсенділігімен өткізіледі.

Тындалды: Баяндама Тәрбиеші Базарбайқызы О. «Грамматикалық дамудың ерекшеліктері баланың қалыпты жетілуі , тілдік қорларының жетілуі» тақырыбында баяндама оқыды. Балабакшада тәрбиеленіп жүрген баланың тілі де, ой-өрісі де үйе жалғыз жүріп өскен баладан анағұрлым жақсы дамиды. Онда баланың тілін жаттықтырып ,ой –өрісін дамытуға көніл бөлінеді. Әсіресе баланың жас ерекшелігіне қарай айтылатын қызықты тартымды өлеңдер тақпактар жаңылтпаштар бала ұғымын кеңейтумен бірге, дыбыстарды дұрыс айтып үйретуге баулиды, сөздік қорын байытады.

Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруде баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезең. Сондықтан баланы балабакшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген оку іс-әрекеттің көп уақыты балалардың тілдерінің дамуына көркем сөз өнеріне баулуға мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетіне жұмсалады.

Тындалды: Төртінші мәселе бойынша балабакша менінгеруші Қ.Барлыбаева сөз алды. Тәрбиешілердің шығрмашылық тақырыптары бойынша өткізілген іс-шараларының жетістіктері мен кемшіліктеріне қысқаша тоқталып өтті.

Тындалды: Балабакша Қ.Барлыбаева. Баяндама: «Балабакша ұлттық ойындарды дамыту» Ұлттық ойындар-қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бірі түрі. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі-түрлі жаттығулар жасау жолымен дene шынықтыру ісінің негізін салды. Ұлттық ойындар- ата-бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Ұлттық ойындар мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Орамал алу» , «Тақия жасыру», «Алтын қапа», «Ақ серек-Көк серек» т.б. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілген тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дene сергіту, жұмыс соңында ырғакты қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді. Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтарына баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге-күрмет, кішіге-қамқорлыққа баулап адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдері қанағаттанарлық
- 2.Барлық топтарда жас ерекшеліктерін ескере отырып, дene шынықтыру, сауықтыру шаралары әдіс тәсілдері қолданылсын.
3. Балабакшада топтарында серуенде, дene шынықтыру оку қызметінде, ойындарда, спорттық эстафеталық жарыстарда ұлттық ойындар қолға алынсын.

Төрайымы: *Barlybaeva*
Барлыбаева
Хатшы *Aldiyarova*
Алдиярова

ЖШС «Орынқыз Ана» балабақшасы

Атамекен а\ә

Қатысқаны-6

16.05.2022

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№ 5

Күн тәртібінде:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру
2. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының жылдық есебі
3. Бес білім беру саласы бойынша балалардың даму индикаторы мониторингісінің қорытындысы.
4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. Тәрбиешілердің жылдық есебі.

Тындалды: Балабақша менгерушісі Қ.Барлыбаева педагогикалық кеңесті жалпы балабақшадағы оқу-тәрбие процесінің жүргізілуі мен ата-аналардың тәрбиеленушіліердің балабақшага көзқарастары туралы айтып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырыды. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша тәрбиешілерге сөз берілді. Тәрбиеші Г.Алдиярова өз сөзінде «Жапсыру», «Мұсіндеу» оқу іс-әрекетінде қолданылатын құралдармен балалардың қалай жұмыс жасайтындығы мен оның сирвировкасы мен қолдану тәртібін балалар толық менгергендігін айтты. Қауіпсіздік шаралары мен тазалық та қатар жүргізілетіні, балалар сол ережеге толық қалыптасқанын айтып өтті. Мектепке дейінгі жастағы балалардың енбек тәрбиесі туралы өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Одан әрі күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша «Ақ көгершін», «Қарлығаш» тобының тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму индикаторы мониторингісінің қорытындысымен таныстырыды. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму индикаторы мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму индикаторы жақсы деп бағаланды.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша балабақша менгерушісі балабақшаның 2021-2022 оқу жылғы жылдық есебін баяндағы. Жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

Балабақша менгерушісі, ұжым мүшелері жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспарын талқылап өз ойларын ортаға салды. Жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралар мен мерекелік ертеңгіліктердің тізімі жасалып бекітілді. «Жазғы сауықтыру шараларын дайындау және өткізу туралы» негізгі құрам бойынша № 12 бүйрықпен таныстырылды. Қызметкерлердің балалар өмірін қорғау және денсаулығын сактау үшін жауапкершілігі, жазғы сауықтыру шараларын өткізу үшін ойын участеклерін дайындау. Балаларды уланудан сактандыру жөніндегі шаралармен таныстырылды. Санитарлық-эпидемиологиялық, ортке қарсы ережелер мен нормалар катаң сақталу керектігі айтылды.

Тыңдалды: Балабақша педагогтері жыл бойына атқарған жұмыстарын, яғни жылдық есептерін балалардың білімін бағалау бойынша есептерін тапсырды. Жыл соңына келіп балалар нені үйренді қандай білім алды, деген сұрақтарға жауап болды. Әрбір педагог жыл соңында балалардың қай бірінің деңгейі жоғары қай бірінің деңгейінің орта екені туралы айтып өтті. «Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі балалардың білім деңгейіне тоқталып, әрбір баланың қызығушылықтарына қарай баға беріп өтті. Балалар көбірек сурет салу және бояуға, ертегі тыңдағанды талқылағанды кейіпкерлерді сомдауға қызығатындары жайлы айтты. «Ақ көгершін» кіші тобының тәрбиешілері өз тобының балаларының білім деңгейлері туралы айтып, сабакқа деген қызығушылықтары туралы жеке тоқталып кетті.

Шешім:

1. «Орынқызы-Ана» балабақшасының жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспары бекітілсін.
2. Тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмысының жылдық есептері қабылданып бекітілсін
3. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен спорттық іс-шараларды өткізу уақытының кестесі бекітілсін.
4. Бес білім беру саласы бойынша балалардың даму индикаторы мониторингісінің қорытындысы қаралып бекітілсін.
5. Қызметкерлерге балалардың өмірін қорғау мен денсаулығын сактау жөніндегі нұсқама өткізілсін.
6. Педагогтардың жылдық есептері қабылдансын.

Тәрайымы  К.Барлыбаева

Хатшы  Г.Алдиярова



Бекітемін:

ЖШС «Орынқызы-Ана б/б менгерушісі

Дар

Қ.Барлыбаева

Педагогикалық кенестер

(Педагогикалық кенестің жоспары,
педагогикалық кенестің хаттамалары)

Менгеруші: Қ.Барлыбаева

2020-2021 оку жылы

ЖШС «Орынқыз Ана» балабақшасы

Атамекен а\ә

Қатысқаны-7

28.08.2020

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№ 1

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын 2020-2021 оқу жылдарын қызметтің үйінде жоспарымен, оқу жоспарымен, үйымдастырылған оқу қызметтің үйінде жоспарымен, (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібін таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
3. Короновирустық инфекцияның таралыныста шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі үйымдарда үйымдастырылған оқу қызметтерін үйімдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Жауапты менгеруші Қ.Барлыбаева

Тындалды: Балабақша менгерушісі Қ.Барлыбаева педагогтерді жана оқу жылдарын құрастырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтуды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйімдердегі басшысы, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамын 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2020-2021 оқу жылдарында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Р.Бегалиева сайланғандығын естеріне түсіріп отті.

Сөз сөйлеген : Әдіскер Қ.Барлыбаева 2019-2020 оқу жылдарында педагогикалық кеңестің хатшысы Р.Бегалиева педагогикалық кеңестің өз құрамын қаралатын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отыргандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші сайлауды үйғарды.

Тындалды: Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Қ.Барлыбаева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндеттімен таныстырып отті. Тәрбиешілер келесі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылдарын міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айттып әр тәрбиешінің келесі мәселесіне жеке-жеке тоқталып отті.

Сөз сөйлемді: Менгеруші жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, үйімдердегі мақсат-міндеттері, іс-шараларды өткізу тәсілдерін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндейді.

Тәрбиеші Г.Мейірбекова 2020-2021 оку жылшының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабакшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жана оку жылшына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. Педагогтер 2020-2021 оку жылшының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

Тындалды: Балабақша менгерушісі: Қ.Барлыбаева-

Жетісай ауданының білім бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минитрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бәләм және ғылым минитрінің 2012 жылғы 20 желтоксанындағы №557 бұйрығына енгізілген өзгерістері туралы, үлгілік оку жоспарына сәйкес түзілген ұйымдастырылған оку қызметі кестесінің үлгісін 2020-2021 оку жылшына арналған балабақшаның жылдық жоспарының құрылымын басшылыққа алып, жұмыс жүргізу үшін жолданған. Ал үлгілік оку бағдарламасының мазмұнына түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген.

«Денсаулық» білім беру саласындағы ұйымдастырылған оку қызметі:

- 1)дене шынықтыруды
- 2) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қамтиды

«Қатынас» білім беру саласындағы ұйымдастырылған оку қызметі:

- 1)сөйлеуді дамытуды
- 2)көркем әдебиеті
- 3)саят ашу негіздерін
- 4)орыс тілін (қазақ тілінде оқытын топтарда) қамтиды.

«Таным» білім беру саласындағы ұйымдастырылған оку қызметі:

1)сенсориканы (бөбек жассы топтарында-1-3 жас), математика негіздерін (мектеп жасына дейінгі топтарда -3-6 жас);

- 2) құрастыруды
- 3)жаратылыстануды қамтиды

«Шығармашылық» білім беру саласындағы ұйымдастырылған оку қызметі:

- 1) Сурет салу
- 2) Мұсіндеуді
- 3) Жапсыруды
- 4) Музыканы қамтиды

«Әлеумет» білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1)өзін-өзі тануды
- 2)коршаған ортамен танысады қамтиды

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жогары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

Оқыту казак тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

- 1) кіші топ (2 жастан бастап)-ұзактығы 10-15 минуттан 9 сағат;
- 2) ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзактығы 15-20 минуттан 11 сағат;

Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы –1 қыркүйектегі толық жасы) мынадай:

- 1) Бебек жасы-0-3 жас:
Кіші жас -2 жастан бастап (кіші топ)
- 2) Мектепке дейінгі жас -3-6 жас:
Орта жас-3 жастан бастап(ортанғы топ)

Тындалды: Ұшінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі: Қ.Барлыбаева сөйледі.

Короновирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар балабақшада қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және оку жылын ұйымдастырылған турде бастау үшін онтайлы жағдайлар жасау мақсатында әзірленді. Мектепке дейінгі ұйымдарда ҰОҚ қызмет түрін ұйымдастыру санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты анықталады,-деп қашық форматтагы ұйымдастырылған оқу қызметтеріне ұсынымдар жән орындаиды

2. Ата –аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру –тиісті аумактардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлердің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдарының шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, штаттық режимде оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру нысаны.

3. Топтарда Санитарлық қағидаларға сәйкес 15 минуттан артық емес қашықтықтан өтетін сабактар жүргізеді.

Тындалды: Балабақша менгерушісі Қ.Барлыбаева қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы түсіндіріп өтті. Тәрбиешілер бейнесабактар ретінде ортаңғы топтарға арқылы өте алады. Ата аналарға арнайы чат ашып, оған сабактың басталу күнін көрсете отырып хабардар етеміз.

Қашықтықтан сабак ұйымдастыру үшін педагог балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, баланың өз бетінше орындауы үшін немесе ата-анасымен бірлесіп орындауы үшін ойын түріндегі тапсырмаларды алдын-ала дайындаиды. Ата-аналармен кері байланыс арқылы балалардың сабакты қабылдауын қадағалап отыру керек.

Тыңдалды: Балабакша менгерушісі Қ.Барлыбаева сөйледі.

-еңбек заңнамасына байланысты сәйкес мектепке дейінгі ұйымның тыныс-тіршілігін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің (әкімшілік, техникалық персонал) еңбек функцияларын қашықтықтан айқындаймыз.

-тәрбиеленушілердің қозғалысы, балабакша педагогтерінің сапалық құрамы, материалдық база, балабақшаның техникалық қызметкерлері туралы мәліметтерді және басқаларды ҰБДҚ толтырып отыру менің міндетім.

-ҰОҚ кестесі құру, педагогтардың қызметі ұйымдастыру, топтың, тәрбиленушілердің ата-аналарымен жеке кенестерді жүргізу балабакша менгерушісі Қ.Барлыбаева және тәрбиешілерге жүктелсін.

Карантин талаптары сақтай отырып, мекемені дезинфекциялап, күнделікті жуып тазалап үшін кезекшілер тізімі құрылсын.

Шешім:

- 1.Педагогикалық кенестің құрамына: балабақшаның менгерушісі, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кенестің хатшысы болып Р.Бегалиева сайлансын.
- 3.2020-2021 оқу жылдарының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспармен таныстырылып бекітілді.Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған ішараалар уақытылы өткізілсін.
- 4.Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективалық жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Оқу жылы барысында дамыту орталықтарында барлық білім беру салалалры бойынша көрнекіліктер мен құралдар толықтырылып, топ бөлмелері жыл мезгіліне байланысты безендірілсін. Жаупаты топ тәрбиешілер.

Тәрайымы
Хатшы:
Қ.Барлыбаева
Р.Бегалиева

ЖШС «Орынқыз Ана» балабақшасы

Атамекен а\ә

Қатысқаны-7

27.11.2020

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№ 2

Күн тәртібінде:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру
2. Көркем шығармалар арқылы баланың адамгершілік қасиетін дамыту.
3. Балаларды бейнелеу өнеріне үйретудің маңызы
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісінің дамуы..

Тындалды:

Сөйлемді: Балабақша менгерушісі Қ.Барлыбаева кезекті педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшамыздың шығармашылығын дамытып, үйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тындалды:

1. Бірінші кезекте балабақшамыздың менгерушісі өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуының есебін тындалды.
2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, әдістемелік құралдары және көрнекіліктері молайтылған.
3. Жас ерекшелігіне сәйкес топтардың оқу іс-әрекетінің кестесі бекітілген.
4. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен ашық үйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестелері бекітілгенін айтЫп өтті.
2. Екінші бөлімінде «Көркем шығармалар арқылы баланың адамгершілік қасиетін дамыту» тақырыбында балабақша тәрбиешісі Р.Бегалиева таныстырып өз баяндамасын оқып берді. Жалпы баяндамада бала тәрбиесі үшін көркем шығарманың алатын орны ерекше.
